



Білмеймін, Кудай акырын берсін. Нұртілеу Иманғалиұлы айтқанындай, “Бай-қуатты болайық” деп барлығымыз жүрміз. Бірақ, батып барамыз, батып барамыз. Аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы бір сөзінде: “Өкімет өлтірмейді” дегенді қою керек. Ол заман өтті” деген еді. Сондықтан болар, биылғы жылды “жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы” деп жариялады. “Қара халықтың қолы аузына жетсін. Тірлік етсін, қамдансын” дегені де. Жөн-ақ. Әйтпесе, соқыр тиын ұстаса көкірегіне нан пісе кететін кедей байғұстың күні қашан да қаран. Шынында, қазақ бай болуға жеңегесі кейін тартып, көткеншектен жатыр дей алмайсыз.

Ұлт жалқау емес. Бірақ, біздің тынымсыз тыраштануымыздың өзі күр аш қалуымызға әкеліп соқтыруға жақын. Басында несиесі жоқ отбасын- білесіз бе, олардың саны қанша? Статистика емес, қазақ мысал – бұл. Бізде банкпен “байланысы” жоқ адам аз деп айтуға болады.- Нені болмасын несиеге алып жүрген, “кім?” деген сұраққа жауап беретіндердің саны түрде жасаған ісі – осы. “Банкке бар болған- сон берешегі, бұлғынғар баз біреудің келешегі” деп бұлған дейін де жазғанбыз. Қарыз төлеп күн өткізіп жүрген қаймана қазақтың, қазақстандықтардың саны қанша екен? Мұны білмедік, біздің біл-ге-німіз қазақстандықтар банктерге жалпы сомасы 6 триллион теңгедей қарыз қорынады. Бұл туралы tengrinews.kz порталы Ranking.kz зерт-теуіне сүйеніп ақпарат таратты.

Жеке тұлғалардың несие бойынша жиынтық қарызы 2018 жылдың маусым айының аяғында 5,6 триллион теңгені құраған. Бұл өткен айға қарағанда 2,3 пайызға жоғары. Сарапшылардың мәлі-метінше, болшек қарыздардың жарты-сынан астамы – салық

салынбайтын несиелер. Олардын үлесі бір айда 51,3 пайыздан 51,7-ге дейін өскен.

Болшек несие беру құрылымы бойынша онлайн-компаниялардың үлесі маусым бойынша 2 пайызды ғана құрады, бұл – ағымдағы жылдағы ең төменгі көрсеткіш. 2018 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы ең жоғарғы көрсеткіш наурыз-да (4,1 пайыз) байқалған. Жалпы, онлайн-компаниялар ға-ламптор арқылы жедел түрде қарыз алу үлгісін ұсынады. Кіші пайыздық мөлшерлемесі 0,25 пайыздан 1 пайызға дейін түрленеді. Қарыз беру уақыты – 1 айға дейін (30-31 күн). Ең азы – 21, көбі – 365 күн.

Ел ішінде “қарызға белшесінен батқан” деген тіркес бар. Қарызды басқа деп алып, батуды тура мағынасында елестетіп көріңізші. “Тәуе-кел-, белуардан келсе де, тыныстауға, қол сермеуге, көмек сұрауға мүмкіндік қарастырылған” дерсіз. Ал, біз батып барамыз, батып барамыз. Ойлаудың өзі қорқынышты...

Рыскелді □ □ ЖАХМАН